

## САБАҚ – ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ФОРМАСЫ

*Қазақ тілін үйретуде қазақ тілі сабақтарының алатын орны ерекше. Мақалада сабақты оқытудың негізгі формасы ретінде қарастырған ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, сабақтың құрылымына қойылатын талаптар мен сабақтың типтері туралы айтылады.*

**Кілт сөздер: сабақ, мақсат, талап, тип, дамыту, дидактикалық міндет**

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде қазақ тілі сабақтары, әсіресе, ересектерге оқытылатын қазақ тілі сабақтарының табиғаты туралы арнайы зерттеулер осы күнге дейін жүргізілген жоқ. Сабақ – оқытудың негізгі формасы ретінде Қ.Қадашева[1], Н.Құрманова[2], Н.Оралбаева[3], К.Жақсылықованың [4] еңбектерінде аталып өтіледі. Мысалы, Н.Құрманова қазақ тілінің сөз тіркестерін оқыту әдістемесінде сабақты оқытудың негізгі формасы ретінде қарастыра келе мынадай тұжырым айтады:

- Сабақтардың негізгі мақсаты оқушының (сөз тіркесі туралы) нақты бір тілдік құбылыс туралы жүйелік болмысы жалпы білім алуын мүмкін ету. Соның ішінде сөз тіркесінің өзіндік заңдылықтарын тану арқылы теориялық білім мазмұнын игеріп, сол мәліметтерді теориялық ойлауын дамытуға негізі етуге сәтті де тиімді жағдайлар туғызу.
- Сөз тіркесін оқыту мақсаттарының міндеті – сөз тіркесі бойынша ғылыми мәліметтерді оқушылардың меңгеруі барысында оқушының теориялық мәліметтерді біле түсуге деген ынтасын, қызығушылығын арттыру, соған қажетті машық-дағдыларын дамыту.
- Сөз тіркесін дамыта оқытуда барлық сабақтар оқушылардың адамгершілік қасиеттерін ойлау арқылы қалыптастыруға бағытталады.
- Оқушының танымдық күші сөз тіркесін меңгеру үдерісінде дүниетанымдық әдіс-тәсілдерді молынан игеруіне жасалған жағдайы дұрыс түсініліп, барлық ізденімдік-зерттеушілік әрекеті сол мақсатқа қарай бағытталғанымен анықталады. Сондай сабақтар барысында ғана оқушының танып білуге деген құштарлығы жүзеге асырылып, танымдық күштің сырттан емес, іштен қалыптасуына қажетті мүмкіндіктер жұмсалады [2].

Қазақ тілі сабағына қатысушы оқытушы мен тіл үйренушілер арасындағы қарым-қатынастың сабақ нәтижесіне тікелей әсері бар. Ал қазақ тілі сабақтарына қойылатын талаптарды Н.Оралбаева былай көрсетеді. Сабақты тиімді ұйымдастыру үшін оған қойылатын талапты білген жөн. Кез келген сабақты ұйымдастыру оның мақсатын қоюдан басталады. Сабақтың мақсаты орындалу үшін қажеті құралдар мен оның әдіс-тәсілдері таңдалып алынуы тиіс. Оқыту үдерісінің басты элементтерінің бірі – оқытудың қажеттілігі. Өзге тілді аудиториядағы қазақ тілі сабақтарының құрылысына тәжірибеде мынадай талаптар қойылады:

1. Сабақтың тақырыбы бойынша оның білімдік, дидактикалық, тәрбиелік мақсаттарын дұрыс анықтау.

2. Сабақтың түрін анықтау, жаңа материалды өткен материалмен байланыстыру.
3. Оқушының білімін бекіту, қайталау, бақылау жүйесін ойластыру.
4. Үй тапсырмасының көлемін, түсініктілігін, тіл үйренушінің мүмкіндіктерін қадағалау.

Сонымен қатар, Н.Оралбаева, К.Жақсылықова өзге тілді аудиториядағы сабақтардың мазмұндық ерешеліктеріне, оқыту үдерісіне қойылатын талаптарын былай анықтаған:

1. Сабақтың тақырып бойынша жоспарланып, одан шешілетін мұғалім мен оқушының міндеттері және қызметтері анықталып алынған жөн.
2. Әрбір сабақтың тәрбиелік мәні болуы керек.
3. Сабақтың мазмұны өмірмен байланысты болуы керек.
4. Әр сабақта оқушы шығармашылық ізденісте болуы керек [5]

Н.Құрманова қазақ тілі сабақтары жүйесін былай жіктеп көрсетеді: жаңа сабақ, аралас сабақ, бақылау сабағы, өз бетімен іздену жұмыстарын орындау сабағы, өзімді өзім тексеремін тапсырмаларын орындау сабағы, хабарлаушы сабақтар, проблемалық сабақтар, оперативті сабақ, көрнекі сабақ [6].

Бұлардың барлығы да білім алушының оқу-танымдық қызметін белсендіруге, теориялық ойлауы мен тілін дамытуға, нәтижесінде жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыруға бағытталады. Осыған қоса аралас сабақ, аспектілік сабақ қолданылады. Аспектілік сабақтың басты мақсаты теориялық мәліметтерді меңгерте отырып, оқушылардың тілдік машық-дағдыларын қалыптастыру.

Бұл сабақтарда тіл бірліктерін оқытумен байланысты орындалатын жаттығулар үлкен орын алады (дыбыс, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем) [7]. Бұл сабақтардың әрбірінің құрылымы жүйелі болып келеді. Өйткені сабақтың құрылымы оны құрайтын элементтердің тәртіптелген байланыстары мен соның негізінде пайда болатын қатынастары арқасында пайда болады. Әрбір сабақта әдістердің қолданылуы мен олардың комбинациялары барысында сабақтың құрылымы да өзгеріп отырады. Ал өзгерген құрылым болса, өз кезегінде сабақ түрінің өзгеруіне ықпал етеді.

Сабақтың мазмұн ерекшелігін танытатын әдістердің керемет табиғаты және олардың орын алмаса қолданылуы сабақтың мазмұндық түрлілігін жасайды. Мұны ықтималдық теориясына сүйене отырып зерттеуге де болады. Комбинаторлық әдістің сабақ барысында қолданылатын әдістердің орын алмасу мүмкіншіліктерін анықтауға беретін көмегі зор.

Аспектілік сабақтарды тілді үйретуде ерекше сабақтар жүйесі деп қарастыруға болады. Сабақтардың екінші сатысы – тіл үйренушінің сөйлеуін дамытумен байланысты сабақтар жүйесі.

Сөйлеуді дамыту сабақтары оқыту жүйесінде қазақ тілінде ойлау дағдысын дамытуда ерекше рөл атқарады. Осыған байланысы профессорлар С.Р.Рахметова [8], М.Р.Қондыбаева [9], Ф.Ш.Оразбаева [10], А.Қыдыршаев [11], Жапбаров А.[12] зерттеулерін ерекше атаған жөн. Тіл үйренушінің қазақ

тілінде сөйлеу дағдысын қалыптастыруда өз ойын оқылып жатқан тілде сыртқа шығара білуді де дамытады. Тіл үйренушінің игерген білімінің тәжірибесінде белсенді қолдана білуін қамтамасыз ететін жаттығулар талабын таңдау сабақтардың басты міндеттері болып табылады. Қазақ тілінде сөйлеу білігін қалыптастыруда сабақтан басқа да оқытудың формалары болады:

1. Өзіндік жұмыс формалары (лабораториялық, практикалық, семинар, жобалар орындау т.с.с.).
2. Сабақтың тыс жұмыстар (үйірмелер, апталықтар, факультативтер т.с.с.).

Ересектерге қазақ тілін оқытудың мектеп аясында оқытудан ерекшеліктері бар. Оның басты ерекшелігі ересек тіл үйренушілердің әлеуметтік жағдайы, яғни тіл үйренуші – өндірісте қызмет атқаратын, белгілі бір уақытта ғана тілді үйренуге зейін қоятын тұлға. Ал оқушы және оның басты қызметі білім алу болып табылады.

Білім алудың төрт жолын білімді игеру, өз бетімен іздеу, болмысқа әсер ету, машық-дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың адамға және адами құндылықтарға деген ізгілікті қатынастарын қалыптастыру, олардың ішінде сапалық пен тиімділік беретін қырларын тани, іріктей білу үлкен шеберлікті қажет ететіні белгілі.

Ондай міндет дұрыс шешілсе, оқушылардың теориялық ойлауын қалыптастыру үдерісі дұрыс бағытта ұйымдастырылады. Оқыту мазмұны барлық уақытта мемлекеттің, қоғамның тапсырыстарына сай, сонымен байланысты анықталып отырады.

Қазіргі кезеңдегі жаңа технологияларды енгізумен байланысты оқыту мазмұнын анықтауда дәстүрлі дидактикадан гөрі оқушының жеке тұлғасының шығармашылықпен білім алу, шығармашылықпен ғылым негіздерін игеру талаптары да күшеюде. Осыған байланысты тілді үйрету мен оқыту да өзіне қажет өзгерістерді енгізуді талап етуде.

Біз атап өткен сабақ ерекшеліктеріне сүйене отырып, сабақтардағы жүзеге асырылатын дидактикалық міндеттерге сай қазақ тілі сабақтарының типтерін айқындадық. Оларды қазақ тілі сабақтарын ұйымдастыру негізінде айқындадық. Соның ішінде әртүрлі құрылымдық бірліктерден тұратын сабақтардың функционалдық нысандары түрлі болады. Осының негізінде қазақ тілі сабақтарының жіктемесін жасаудың негізгі идеясын көрсетуші тезис құрылды; сабақтар оқытудың негізгі формасы ретінде құрылымы жағынан қарапайымнан күрделіге баратын сериялар болып табылады. Күрделі құрылымды сабақтар өздерінің элементтері ретінде қарапайым құрылымдарды қосып отырады. Құрылымы жағынан қарапайым сабақ – бір тектес екі немесе бірнеше оқу жағдаяттарынан тұратын, бір дидактикалық міндетті шешуге бағытталған сабақ. Оған қарама-қарсы құрмалас сабақтар алынады. Оның басты мақсаты бірнеше дидактикалық міндеттерді шешу және бір немесе бірнеше әртектес оқу жағдаяттарынан тұратын сабақтар болып табылады. Сабақтың негізгі типтері жіктеуде оқу жағдаяттарына байланысты болады. Осыған байланысты қазақ тілі сабақтарын шешілетін

дидактикалық міндеттері мен оқу жағдаяттарының түрлеріне қарай жіктеуге болатынын көрдік. Қазақ тілі сабақтарының типологиясын құрылым жағынан қарапайым сабақтардан күрделі сабақтарға қарай жүргізуге болады. Ал құрылымдық күрделілігі жоғары сабақтарда білімді игеру үдерісінің буындары көп болады. Дидактикалық міндеттердің көбеюі онда іске асырылатын қызметтерді де көбейтеді. Егер де дидактикалық міндет біреу ғана болса, жасалатын қызмет түрі де бір типті болады. Сабақ типтерінің арасындағы ерекшеліктер де осы болып табылады. Сабақтың мұндай типологиясы оның қандай типке жатуын сипатына қарай айқындауда ыңғайлы болып табылады. Сабақтың мұндай типологиясы сабақтың құрылымдары арасындағы байланысты көрсетеді, ал сабақтың құрылымдық қыры мұғалім мен оқушының қызметіне байланысты болады. Осылардың негізіне сабақтың түрлері ажыратылады. Ол сабақтағы оқушылардың танымдық қызметтеріне жетекшілік етуге байланысты болады.

Сабақтың I типіне мұғалімнің оқушылардың танымдық қызметіне тікелей жетекшілік етіп, оларды бағыттап отыратын сабақ кіреді. Мұғалім жұмыстың жалпы және жартылай мақсаттарын анықтап отырады, оқу материалын мазмұндайды, сәйкес әдістер мен тәсілдерді көрсетіп отырады. Оқушылардың қызметтері мұғалімнің талабына қарай атқарылады. Осының негізінде сабақтағы мұғалім мен оқушының қызметтері комбинацияланып, түрленіп отырады.

Мұғалімнің қызметі сабақ барысында толығымен жетекшілік позицияда болады да, оқушылар өздерінің қызметтерін соған бағыттап атқарады немесе мұғалім сабақта оқушылардың қызметтеріне толықтай еркіндік беріп, оларды бағыттап қана отырады.

Сабақтың II типіне мұғалім оқушылардың қызметіне жанама жетекшілік ететін сабақтар жатады. Мұғалім оқушыларды жоспарланған оқу жағдаяттарына қосады немесе оқушыларға осындай жағдаяттарды жасауды ұсынады. Мұндай жағдаяттарда оқушылар жұмыстың мақсатын анықтап, материалды оқып, сәйкес құралдар мен әдіс, тәсілдерді таңдап тапсырмалар орындайды, оқу үдерісіндегі көптеген шешімдерді өздері қабылдап, оқу үдерісінде өз беттерінше қызмет атқарады. Әрине, бұл жерде мұғалім де қажет кеңестер беріп, көмек көрсетіп отырады. Оқушылардың зейіні орындалуы тиіс тапсырмалардың мазмұнына аударылады, ал олардың барлық қызметтері тапсырмаларды орындау барысындағы қызметтерімен сәйкестендіріліп отырады.

Сабақтың III типінде оқушылардың танымдық қызметтеріне тікелей жетекшілік ету мен жанама жетекшілік ету жүйелі түрде, тең іске асырылып отырады. Осының нәтижесінде материалдың көлемі, сәйкестігі, орындалу темпін мұғалім мен оқушы кезекпен бақылап отырады. Сабақтың типі оқу жағдаяттарына байланысты болады.

Сонымен осы айтылғандардың негізінде қазақ тілі сабақтарының типологиясын А.А.Бударныйдың жасаған типологиясы негізінде мынадай деп айқындадық [13]:

|                  |            |          |              |
|------------------|------------|----------|--------------|
| Сабақтың негізгі | Сабақ типі | Берілген | дидактикалық |
|------------------|------------|----------|--------------|

| дидактикалық міндеттері   |   | міндеттерді шешуге арналған сабақтардың түрі                             |
|---|---|--|
| 1. Жаңа материалды оқыту  | 1.Құрылымы жағынан қарапайым сабақ (екі немесе бірнеше қарапайым оқу жағдаяттары нан тұрады)<br><br>2. Құрама | I,II,III (бірге немесе әрқайсысы әр басқа қолданылады)                   |
| 2. Білімді бекіту   |   | I,II,III (бірге немесе әрқайсысы әр басқа қолданылады)                   |
| 3. Дағды мен білікті қалыптастыру мен бекіту  |   | II, III (бірге немесе әрқайсысы әр басқа қолданылады)                    |
| 4. Оқылғанды қорытындылау және жүйелеу – білім, білік, дағдыны танымдық және практикалық міндеттерді шешуде қолдану |   | II,III (бірге немесе әрқайсысы әр басқа қолданылады)                     |
| 5. Білім,білік, дағдыны тексеру   |   | II,III (бірге немесе әрқайсысы әр басқа қолданылады)                     |
| 6. Жаңа материалды оқыту + білім, білік, дағдыны бекіту   |   | II,III (бірге немесе әрқайсысы әр басқа қолданылады)<br>I+II және т.с.с. |

Сонымен сабақтардың типологиясын жасау барысында бүгінгі күнге дейін бұл мәселенің әлі де болса бұрынғы күйде қалып отырғанын көрдік, кейбір педагогтар сабақтың типологиясын сабақтың мазмұны мен оны өткізуді негізге алса, кейбір ғалымдар сабақта қойылатын негізгі дидактикалық мақсат пен міндетке байланысты сабақтың типологиясын жасауды ұсынады. Біз өз тарапымыздан бүгінгі күні өзінің құндылығын жоймаған және де тілді үйретуде әмбебаптық мазмұнымен ерекшеленетін жіктемені жасадық. Ол сабақта шешілетін дидактикалық міндеттердің негізінде жасалды.

Бұл жерде негізге алынатыны сабақтағы оқу жағдаяттарының атқаратын рөлі мен функциясы және де ұсынылып отырған жіктемедегі сабақтардың жеке дара емес, олардың бірін-бірі толықтыратын элементтері ескерілетіні жетекші рөл атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы, 2005.
- 2 Оразбаева Ф. Ш. Қатысым теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000.
- 3 Құрманова Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері.– Астана, 2008.
- 4 Жақсылықова К.Б. Қазақ тілін модуль арқылы оқыту теориясы мен әдістемесі– Алматы. 2004.
- 5 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1996.
- 6 Құрманова Н.Ж. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту .– С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2002

- 7 Успенский М.Б. Типология уроков русского языка // Русский язык в школе. – 1982, №4, с. 25-31
- 8 Рахметова С.Р. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед. ғыл. докторы ... диссертация. Алматы.1994. - 314 бет.
- 9 Оразбаева Ф.Ш.Қатысым теориясы мен әдістемесі.- Алматы, 2000.
- 10 Қондыбаева М.Р. Қазақ шешендік өнерін өзгетілді аудиторияда үйрету әдістемесі. - Пед. ғыл. докторы ... диссертациясының авторефераты. – Алматы, 1994.
- 11 Қыдыршаев А.С. Шешендіктанудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед. ғыл. докторы ... диссертация. – Алматы. 2004.-195 бет.
- 12 Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (5-9 сыныптар). . Пед. ғыл. докторы ... диссертация. Алматы.1994.
- 13 Бударный А.А. Индивидуальный подход в обучении // Советская педагогика // . 1965. № 7.

#### Резюме

В данной статье представлен обзор работ по исследованию уроков казахского языка.

#### Resume

An overview of works on a research of Kazakh language lessons is presented in this article.